



«ЗИЯЛЫ ҚАЗАҚ» ДЕБАТ КЛУБЫ

ДЕБАТ ДЕГЕН НЕ?

ДЕБАТ - [ФР. DEBATS - ТАЛҚЫЛАУ] - ҚАНДАЙ
ДА БІР ЖИЫЛЫСТА, МӘЖІЛІСТЕ ПІКІРТАЛАСУ;
ЖАРЫССӨЗ, АЙТЫС, ПАРЛАМЕНТТІК
ДЕБАТТАР - ЗАҢ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҮКІМЕТ ІС-
ӘРЕКЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПУТАТТАР
АРАСЫНДАҒЫ ПІКІРАЛМАСУДЫҢ РЕСМИ
ҚАЛЫПТАСҚАН ТӘРТІБІ.

«Зиялы қазақ» дебат клубының төрайымы:



Мусафар Ақбота Бәкірқызы

ДЕБАТ КЛУБЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлауға қабілетті,
әлеуметтік жетілген, жауапкершілікті жас ұрпақты
қалыптастыру;

ОҚМА студенттерінің белсенді азаматтық ұстанымын
қалыптастыру;

Жас ұрпақтың бойында өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін
дамыту;

шешендік және пікірталас ережелерін үйрету

Дауларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін ояту

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың
жаңа идеяларын анықтау.

ПІКІРСАЙЫСТЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Біріншіден, пікірсайыс ойнаған адамның білімі мол болары анық, себебі бір қарардың(резолюция) айналасында қаншама ақпарат іздеп, ізденеді.

Екіншіден, өзінің сөзіне,жалпы өз-өзіне деген сенімділік.Кез-келген орта мен жағдайда қысылмай өз ойын айтуға үйретеді.

Үшіншіден, біржақты ғана емес екі тұрғыдан ойлап,кез-келген нәрсенің пайда-зиянын көре білу.

Төртіншіден, әрине ол – жақсы орта.Уақытты босқа өткізбей, жаңа зиялы достар табу, өзіндік араласар ортаның болуы

1-курс студенттеріне Академиямыздың ұйымдарын таныстыру сәті. Алға талпынысы мол, жалындаған студенттермен алдағы уақытта бірге қызықты жұмыс жасайтын боламыз.



«Нұр Отан» партиясының XVI ауыспалы кубогіне арналған Республикалық пікірсайыс турнирінде 2-орынды иеленді.






М.Сапарбаев атындағы СҚМИ Парасат колледжінде және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік істер жөніндегі агенттігінің департаментінде қызмет көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі семинар-тренингте Зиялы Қазақ Дебат клубы 1 орынды иеленді.



NAR TV телеарнасының ақпараттық қолдуымен "Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру қызметін ұйымдастыруға арналған іс-шараларды өткізу" жобасы аясында "Жоғары білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу үшін қандай шаралар атқарылуы қажет?" тақырыбында жоғары оқу орындарының студенттері арасында пікірсайыс байқауы болып өтті. Қазақ Зиялы дебат клубы жоғарғы деңгейде ат салысты.





Бүгін жаңадан сайланған лидеріміздің ұйымдастыруымен жиналыс өтті. Жиналыста Ақбота Бакировна дебат туралы түсініктемелер берді және оның форматтары жөнінде айтып өтті. Жаңадан кірген ұйым мүшелері таныстырылып, өте қызықты жиналыс болды. Ұйым мүшелері ертеңгі болатын іс-шара жайлы ақылдасты. Алда бағындырар белесіміз көп. Бізбен бірге болыңыздар!

Ұйым мүшелерінің арасында ашық пікірсайыс өтті. Таңдалған қарар: " БП Қазақстандағы отандық өнімдердің халық арасындағы сұранысын арттыру керек деп есептейді". Пікірталас өте керемет деңгейде өтті, қарар толықтай ашылды. Үкімет "отандық өнімдерді Қазақстанда арттыра аламыз" деген позиция ұстанды және жеңіске жетті. Сонымен қатар керемет пікірсайыстың куәсі болған- "Гигиена және экология" кафедрасының магистрі- Уркимбаева Бакыткул Тамашовна.



"Сену және өмір сүру" әлеуметтік-медициналық форумы аясында клиникалық онкологияның көпсалалы мәселелері атты конференция болып өтті. Конференцияның соңында онкологиялық аурулармен ауыратын балалар "В поисках волшебного средства от всех болезней" ертегісі аясында спектакль көрсетті. Арттерапия арқылы балалар өздерінің аурулары туралы ұмытыпта кетеді дейді. Шынында да, ойларын басқа жаққа бұрып жақсы жұмыстармен айналысу бойындағы ауруды аз да болса жеңілдетеді. Олар бақытқа лайықты балалар. Сәбилер ешқашан ауырмасын.




СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - БАРШАҒА ОРТАҚ ІС



"Б.П. тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюдың тиімді механизмін ұсынады" тақырыпта болған көрсетілім ойындары, жас буындармен кездесу өтті. Сонымен қатар, Шымкент қаласы ішкі істер департаменті "Жастар ресурстық орталығы" КММ басқармасы жанынан құрылған пікірсайысшы жастарды қолдау мақсатында ашылған үйірменің ашылу салтанаты өтті.





**«ЖАҚСЫ КӨШБАСШЫ АҚЫР СОҢЫНДА
ҚАРСЫЛАСЫМЕН ЖАҚЫНДАСЫП,
ОСЫЛАЙША КҮШЕЙЕ ТҮСУІ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕ
ОТЫРЫП, АШЫҚ ЖӘНЕ ТЕРЕҢ ПІКІРСАЙЫСҚА
ҚАТЫСА АЛАДЫ. БІРАҚ СІЗ МЕНМЕНСІП,
ҮСТІРТ БОЛСАҢЫЗ, ОНДАЙ ОЙЫН
ДЕҢГЕЙІНЕН ТӨМЕН ӨТЕДІ.»**

Мусафар Ақбота Бәкірқызы

Қосымша сұрақтар бойынша

1. Мусафар Ақбота Бәкірқызы 8777-329-99-91 (лидер)

2. Нуржанова Айфарис Нуржанқызы 8771-632-49-76 (вице-лидер)

@oqmadebateclub